ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

3 АПТА

1 - 3 сыныптарға арналған апталық қосымша тапсырмалар

3 апта

Аптаның жобасы:

"Отбасылық мерекелер мен дәстүрлер"

Апта ішінде оқуға ұсынылатын көркем шығарма:

"Балықтар неге сөйлемейді?"
"Арыстан мен тышқан"

Апта ішінде көруге ұсынылатын деректі фильмдер:

«Дара тұлға». Оқу-танымдық анимация (2018 ж)
Ахмет Байтұрсынұлы
https://www.youtube.com/watch?v=OfVlSRgluoE

Аптаның ойыны:

"Бұл түске тиіспе"

Аптаның қолөнер туындысы:

«Қолдан ұшақ жасау»

Апта ішінде көруге ұсынылатын көркем фильмдер:

"Как прогулять школу с пользой"
"Дамбо"

Спорт қақпы

Күнделікті бір жақсылық жасау

ДҮЙСЕНБІ

Ұйқыдан оянғаннан кейін барлығына «Қайырлы таң!» тілеп, көңіл-күйлерін көтеріңіз

СЕЙСЕНБІ

«Алғыс айту» карточкаларын дайындап, күні бойы жақындарыңызға алғыс айтқыңыз келгенде сыйға тартыңыз

СӘРСЕНБІ

Отбасыңызға таңғы ас дайындауға көмектесіңіз

БЕЙСЕНБІ

Достарыңызға хабарласып, қал-жағдайларын біліңіз

ЖҰМА

Сыныптасыңызға үй жұмысын орындауға көмектесіңіз

СЕНБІ

Жақындарыңызға жақсы көретінізді жиі айтыңыз

ЖЕКСЕНБІ

Отбасы мүшелеріне өз қолыңыздан ерекше сыйлықтар әзірлеп қуантуға тырысыңыз

3 апта

Аптаның жобасы:

"Отбасылық мерекелер мен дәстүрлер"

Мақсаты: сыныптастар мен достарыңызға өз отбасыңыздағы атап өтілетін отбасылық мерекелері мен дәстүрлері туралы айтып беру, әртүрлі жағымды естеліктермен бөлісу, отбасылық ұйымшылдықты одан әрі нығайту.

Тапсырманы орындау барысы: отбасыңыздың барлық мерекелері мен дәстүрлері туралы әңгіме жазыңыз. Әңгімеңізде отбасына қатысты жағымды естеліктерді келтіріңіз. Кейін әңгімеңізді достарыңызға оқып беріңіз. Сонымен қатар, суреттеріңіз бен бейнежазбаларыңызды да көрсетсеңіз болады.

Апта ішінде оқуға ұсынылатын көркем шығарма:

"Балықтар неге сөйлемейді?"



Ерте, ерте, ертеде сиқырлы көк теңіздің астында балықтар патшалығы өмір сүріпті. Олар бір-бірімен өте тату-тәтті тұрыпты. Достықтарының, еңбексүйгіштіктерінің арқасында басқа патшалықтарға да үлгі болыпты. Барлық патшалық балықтар патшалығына қызыға қарапты. Өйткені, балықтар күндіз тынымсыз еңбек етіп, кешке көңілді сауық-сайран құрады екен. Олар теңіз бетіне шығып, әртүрлі іс-қимылдар арқылы бидің түрлі тәсілдерін көрсетіпті. Би ырғағымен әртүрлі әуендер салыпты. Сол әдетпен тағы да балықтар теңіз бетіне шығып, ән салып, би билеп думандатады. Оны естіген құбыжық теңізге келіп, шад-шадыманға бөленіп жүрген балықтарға тап беріпті. Көптеген балықтар құбыжықтың құрбаны болыпты.

3 апта

Ал,қалғандары теңіз астындағы өз патшалықтарына қашып құтылыпты. Бірақ, содан бері олардың ешқайсысы қатты қорыққаннан болар сөйлей алмай қалыпты.Одан кейін де қанша жылдар өтсе де, сол сөйлемеген күйі сөйлемей қала беріпті. Бірақ, балықтар сөйлемесе де бір-бірімен қанаттарының, құйрықтарының, желбезектерінің көмегімен түсінісетін болыпты. Міне, балықтардың неге сөйлемейтінінің сыры осындай оқиғалардың салдарынан ба деп ойлаймын.

"Арыстан мен тышқан"



Ерте, ерте, ертеде орман патшасы арыстан тоғайдың қалың беделінде ұйықтап жатады. Бір тышқан ойнақтап, үстінен жорғалап жүргенін сезіпті. Арыстанұйқысынан ызаланып оянып, тышқанды ұстап алып, өлтірмекші болғанда тышқан жалбарынып:

- Тақсыр, мені өлтірмеңізші, бір жолға кешіре көріңіз. Бір күні мен де бір қызметіңізге жарармын, - депті. Арыстан оның сөзіне күліп:

- Сен өзің кішкентай бір тышқансың, менің қандай қызметіме жарамақсың, - деп жаны ашып, тышқанды қоя беріпті. Тышқан байғұс қуанып, «арыстан досым»,- деп, жүгіріп ойнап кете беріпті. Күндердің-күнінде арыстан жортып ойнап жүріп, аңшылардың құрған тұзағына түсіп қалыпты. Шарқ ұрып тыпырлап, ақырып-бақырып жатса да тұзақтан құтыла алмапты. Сол жерден өтіп бара жатқан тышқан арыстанның бұл халін көріп, қасына келіп қарап тұрса, сонда арыстан тышқанға қарап:

- Лажың бар ма бұған қылар? – депті. Тышқан дереу тістерімен тұзақтың жіптерін кеміріп қиып кеп жіберіп, арыстанды тұзақтан құтқарыпты. Тышқан арыстанға: - Мені кішкентайсың,- деп мән бермеуші едің. Міне сені бір ажалдан алып қалдым, - депті. Осылайша арыстан жасалған жақсылықтың қайтарымы болатынын жақсы түсініпті.

3 апта

Аптаның ойыны:

"Бұл түске тиіспе"

Ойынның мақсаты: Есту, көру қабілеттері арқылы шапшаңдылық пен мұқияттылықты дамыту.



Орындалуы: Бір жүргізуші болу керек. Ортаға ойыншы таңдап алынады. Ойыншыларға кез келген 3 түрлі-түсті қағаздан фигураларды кесу керек. Жүргізуші ойыншыларға қызыл дегенде ойыншылар сол түсті фигураны емес, басқа 2 түстің біреуіне көрсетуі керек. Бұл ойынды мүмкін болса жарыс ретінде 2 ойыншы ойнаса болады, жүргізуші қай түске тиіспеу керек екенін айтып тұрады.

Апта ішінде көруге ұсынылатын көркем фильмдер:

"Как прогулять школу с пользой"

Қалалық ұлдың артынан еріп көрермендер мектепте оқымайтын нәрселерді үйренетін болады. Нақтысы - әлемде қалай өмір сүру керек екенін көрсетеді. Нақтырақ айтсақ, бұл орман әлемі. Мұнда қожайын - қараңғы граф, билік — мейірімді, бірақ қатаң орманшы Борель, және браконьер Тотош бар. Қай жақты таңдайды: мейірімді орманшы Борель немесе Тотош браконьері?

3 апта

Апта ішінде көруге ұсынылатын көркем фильмдер:

"Дамбо"

Сюжетте цирк импресариосы Марк Медичи бұрынғы цирк жұлдызы Холт Фэрриерді және оның балалары Милли мен Джоны жаңа туған піл баласына тәрбиеші қылып тағайындайды. Пілдің шамадан тыс үлкен құлағы болады, осыған бола адамдардың мазағына көп ілігеді. Алайда Дамбо ұшатын қабілетін көрсеткеннен кейін, цирк иесі пілдің ерекше қабілетін өз пайдасына асырмақ болады. Вэндевер есімді кәсіпкер жануарды "Ертегі әлем" деген өзінің ойын-сауық орталығының басты жұлдызына айналдырмақшы болды.

3 апта

Аптаның қолөнер туындысы:

Қолдан ұшақ жасау

Мақсаты:қарапайым заттардан өз қолыңызбен ұшақ жасап үйрену.

Тапсырманы орындау барысы: пластикалық бөтелке (0,5 л), түрлі-түсті қағаз, екі жақты скотч, қарапайым қарындаш, қайшы, сызғыш дайындау.

1.Бөтелкенің ортасында тиындар үшін: ені 0,5 см 2 см тікбұрышты саңылау жасаңыз:

2.Ұшақтың корпусы мен артқы бөлігін "L" әрпі пішінінде салыңыз, содан кейін оларды кесіңіз.

3.Екі жақты скотч арқылы бөтелкеге 2 дайындаманы жабыстырыңыз, кейін тиындар саңылауын кесіңіз.

4.Қозғалтқыш тіреуіштерін мынадай тәсілмен жасаңыз: өлшемі 10х3 см болатын 2 тікбұрышты түрлі түсті қағаз алып, оларды түтікше ретінде ораңыз, содан кейін корпустың төменгі бөлігінің екі жағына жабыстырыңыз.

5.Ұшақтың қанаттарын салып, кесіңіз, содан кейін оларды жабыстырыңыз.

6.Пропеллер жасаңыз: қағазға қақпақтың бойымен шеңбер жүргізіңіз, кейін шеңберді үлкенірек жасап, қалақтарды салыңыз.

7.Пропеллерді кесіңіз, оны бөтелкенің аузына кигізіңіз, қақпақты жабыңыз.

8 шеңбер кесіп алып, оларды екі жағынан терезе ретінде жабыстырыңыз.

https://www.instagram.com/p/B8X8OXFhTN2/?igshid=gl3qgrkp2ixh



www.qundylyq.kz